



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРІБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

туралы шындық пен фантастика», Андрей Зориннің «Ұлы Екатеринаның Грек жобасы». Жобаның атауы аттас қала мен әдеби үйірмеге сілтеме жасайды.

– Лекториум

Лекториум – Санкт–Петербург коммерциялық жобасы, ашық онлайн курстар форматында оқу материалдарын жасаумен, сондай–ақ бейне дәрістерді түсірумен және орналастырумен айналысады. Жобаны жасаушы–Яков Сомов. Лекториум 2009 жылдан бастап онлайн білім берумен айналысады.

Жаппай ашық онлайн курстарды орналастыру және әзірлеу үшін білім беру платформасын, бейінді баспаны және орыс тіліндегі дәрістердің ең үлкен ашық бейне мұрағатын біріктіреді.

Жоғары оқу орнына түсу және оқушыларды кәсіптік бағдарлау, студенттерді мамандандыру және мамандар мен мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламаларымен жұмыс істейді. Қазір платформада 415 000 пайдаланушы білім алады [13].

Қорытындылай келе, ересек болу субъективті ұғым деп айтуға болады және көптеген элеуметтік–мәдени, физиологиялық және биологиялық факторларға байланысты. Осылайша, ересек білім алушы кез–келген басқа оқушы сияқты білім беруде мұқият болуды талап етеді. Оның когнитивті саласын дамыту үшін оған қолайлы, ыңғайлы, қол жетімді және түсінуге оңай медиа ресурстарды қолдану қажет. Бұл критерийлер жоғарыда аталған платформаларға, қосымшаларға және сайттарға толығымен сәйкес келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Федоров А.В. Медиаобразование: вчера и сегодня. М.: Изд–во МОО ВПП ЮНЕСКО «Информация для всех», 2009. 234 с.
2. Под ред. Колесниковой И.А. Основы андрагогики. М.: «Академия», 2003. 5 с. – 240 с.
3. Тартаковский М. Акмеология. М.: ИМЖ «Панорама2, 1992. 313 с.
4. Jarvis P. Adult and Continuing Education. Theory and Practice. London: Routledge, 1995. 97 p.
5. Jarvis P. International Dictionary of Adult and Continuing Education. London, UK and Sterling, USA: Kogan Page, 1999. 102 p.
6. Tight M. Key Concepts in Adult Education and Training. London and New York: Routledge, 1998. 2nd ed. 2003. 58 p.
7. Wiltshire H. «The Nature and Uses of Adult Education» in Rogers A. (ed.) The Spirit and the Form. Nottingham: University of Nottingham, Department of Adult Education, 1976. 97 p.
8. Paterson R. Values, Education and the Adult. London: Routledge and Kegan Paul, 1979. 175 p.
9. Knowles M.S. The Modern Practice of Adult Education. Chicago: Association Press, 1980. 112 p.
10. Запеева О.В. Массмедиа и современная система образования. Журналистика и медиаобразование. 2008: сб. трудов III Международной научно–практической конференции: в 2т. Белгород: БелГУ 2008; Т. I: 295 – 299 с.
11. Киселев Ш. Информационные технологии в педагогическом образовании. Москва: Издательско–торговая корпорация «Дашковик», 2014: 49 с.
12. Top U.S. colleges to offer free classes online
13. Howard Amos. Arzamas: the cultural history project fighting politicisation of the past in Russia. The Calvert Journal 19 p.
14. <https://project.lektorium.tv/mediakit>

УДК 8.82

ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫНЫҢ ЖОЛЖАЗБАЛАРЫ

*Абекенова Гүлсая Нағашыбайқызы
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті магистранты
Такиров Саржан Уахитұлы
ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қаласы, Қазақстан
E–mail: gulsaya_abeken@mail.ru*

Аңдатпа

Қазақ әдебиетінде зерттеуді қажет ететін тақырыптың бірі – эпистолярлық мұраны зерттеу арқылы Тұрсынбек Кәкішұлының жарияланбай қалған шығармаларын айқындап, жолжазбаларының, ой–толғаныстарының маңыздылығын зерделеу. Мақалада зерттелуге тиісті материал көбінесе Тұрсынбек Кәкішұлының күнделік, жолжазба, хаттары, жарияланбай қалған шығармалары теңірегінде қарастырылады. Осы тақырыпты зерттеу арқылы әдебиеттану ғылымындағы Т.Кәкішұлының жеке рөлін одан әрі айқындау мүмкіндігі туады.

Түйінді сөздер: Т.Кәкішұлы, жолжазба, эпистолярлық мұра.

Аннотация

Одна из тем, которая требует изучения в казахской литературе – это изучение эпистолярного наследия, выявление неопубликованных произведений Турсынбека Какисевича, изучение значимости его сочинений, размышлений. Материал, подлежащий изучению в статье, в основном рассматривается вокруг дневников, мемуаров, писем, неопубликованных произведений Турсынбека Какисевича. Благодаря изучению данной темы появляется возможность дальнейшего определения личной роли Т.Какисевича в литературоведении.

Ключевые слова: Т.Какисевич, путеводитель, эпистолярное наследие.

Abstract

One of the topics that requires study in Kazakh literature is the study of the epistolary heritage, the identification of unpublished works of Tursynbek Kakishevich, the study of the significance of his writings, reflections. The material to be studied in the article is mainly considered around the diaries, memoirs, letters, unpublished works of Tursynbek Kakishevich. Thanks to the study of this topic, it becomes possible to further define the personal role of T. Kalishevich in literary studies.

Key words: T. Kalishevich, guidebook, epistolary heritage.

Жол үстіндегі көзбен көріп, көңілге түйгенді қағаз бетіне түсіру ежелгі дәуірден бастау алады. Өткен дәуірдегі саяхатшы-ғалымдардың жолжазбаларына назар аударар болсақ, белгілі бір географиялық аймақтың тарихынан сыр шертеді. Демек, жолжазба дегеніміз – сапар мен саяхат нәтижесінде көзбен көрген нақты оқиғаларды суреттеуге арналған әдеби жанр. Сапарнамалар очерк, күнделік, естелік, мемуар түрінде жазылып, өзіндік үлгісін қалыптастырады.

Ежелгі дәуірдегі Александр Македонскийдің жорықтары туралы жазылған жазбалары, орта ғасырдағы Марко Поло, Дж.Карпинидің Орта Азияға жасаған сапарлары туралы еңбектері сапарнаманың алғашқы бастамалары еді. 18–19 ғасырлардағы ағылшын жазушысы Л.Стерннің «Сентиментальды саяхаты», неміс ақыны И.В.Гетенің «Италия саяхаты», орыс ақыны А.С.Пушкиннің «Арзумға саяхаты» сапарнаманың жаңа үлгілері ретінде дүниеге келіп, очерк жанрының бір түрі ретінде қалыптасты. Қазақ әдебиетінде сапар естеліктерінің негізін Шоқан Уәлиханов «Жоңғария очерктерімен» қалағаны көпшілікке аян. Бертін келе М.Әуезов («Индия очерктері», 1958), С.Мұқанов («Адам Атаның шоқысында», 1958), Б.Момышұлы («Куба әсерлері», 1963) сынды қаламгерлер жолжазбаларында өздері болған елдер мен аймақтардың өмірін, тұрмыс–тіршілігін баяндаған. Шетел асып, теңіз үстімен жүріп өткен сапарнамашылар да аз болмаған. Жоспарланған немесе жоспардан тыс әртүрлі елге ғылыми сапармен барған А.Машанов, Ә.Дербісәлиев, Е.Бөкетов, Т.Әлімқұлов, Т.Кәкішұлы және тағы басқа ғалымдардың жолжазба кітаптары жарық көрді.

Сапар естеліктері әлем халықтарының өткен тарихын бүгінгімен байланыстырып, көңіл толып, көз қуанған оқиғаларды оқырман қауымға жеткізуді мақсат етеді. Бар ғұмырын әдебиет саласына арнап, өзіндік қолтаңбасын қалдырған әдебиетші, ғалым, сыншы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері Тұрсынбек Кәкішұлының еңбектерінің тақырыптары әртүрлі. Бірі өзі ғұмыр кешкен әдеби ортаның жай–күйін баяндайды («Ескірмейді естелік»), бірі жол жүріп ел танып, жер аралаған сапарларынан хабардар етсе («Жол үстінде 80 күн», «Жаяусалдың серуендері»), енді бірі бір кездегі «Садақ» атты журналдың («Садақ») өмірге келу тарихына, бірі бүгінгі әдебиет пен сынның көкейкесті мәселелеріне («Кер заманның кереғар ойлары») арналған [1; с. 31]. Әдетте қаламгерлердің көпшілігі аңшылық, саятшылық құрып, көркем сұлулықты, шабыт пен тыныштықты даладан іздейді. Әлемді шарлап, Отанымыздың әрбір тау–тасына сапар шегіп, жер–жерді аралау Тұрсынбек Кәкішұлының жеке қызығушылығына айналған. Саяхат жасауға деген бұл қызығушылық Т.Кәкішұлының балалық шағынан, яғни бесінші сыныптағы география сабағынан басталған. Тақтада ілулі тұратын үлкен картаның бұрыш–бұрышын жаттауға ықпал еткен Бекжан ағайы туралы «Жол үстіндегі 80 күн» сапарнамасындағы «жол басында» былай әңгімелейді: «...кейін әр нүктені дәл шұқып, үстінен түсетін күйге жеттік. Одан кейін көзімізді жұмып тұрып, сұраған қаласының қай маңда, қай бағыт–бағдарда екенін айтуға міндетті болдық. Осындай қиындықпен бойға дарыған білімнің күні бүгінге дейін пайдасын көріп келемін. Географиялық карталарды сағаттап қарауға жалықпаймын. Ой жүзінде дүниенің төрт бұрышына саяхат жасаймын» [2; с. 3].

Халқымыздың «атың барда жер таны желіп жүріп, асың барда ел таны беріп жүріп» деген даналығын бала кезден жүрегіне ұялатқан Т.Кәкішұлы Отанымыздың әсем көркін, мәнді тірлігін қызықтай жүріп, әуесқой жиһангезге айналады. Әуесқой дейтін себебіміз, жылдың көп бөлігін әдебиетке арнап, ғылыммен айналысып, кезекті демалысының уақыты жеткенде, үйде отырмай жер–жаһанды аралап қайтуға белді бекем буатын. Жоспарланған демалысының маршрутын өзі сызып, саяхат барысындағы ойларын ғибратты сапарнамаларымен түйіндеп отырған.

Сексен күн ішінде отыз мың шақырым жол жүріп, байтақ Отанымыздың Батысы мен Шығысын саяхаттап шыққанын, Львов пен Сахалин аралығындағы ірі қалаларды, көрікті аймақтарды, аты әлемге мәшһүр құрылыстар мен өндірістерді, тарихи орындарды аралағанын әңгімелеген. Қазақстан мен қазақтарға байланысты дерек–мағлұматтарды мүмкіндігінше саяхат сазына өзектестіре баяндайды. Өз Отанының өткенін біліп, бүгінгі көркін, ертеңгі болашағын көруге құмартатын оқырмандар

үшін сапарнамаларын естелік ретінде жазған. Сапарнамалар бір кітапқа жинақталып, басылып шығам дегенше, ғұмырнаамалық мақаладан бастау алған. Әр жылдары мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген тәлімі мол мақалалары ғалымның «Жаяусалдың серуендері» кітабында топтастырылады. Кітаптың алғашқы бетінен ақырғы бетін жапқанға шейін автормен бірге ойша жаһан кезуге болады. Кітаптың мұқабасы туралы ақын Талапбек Тынысбекұлы «Сапарлар шерткен салқар сыр» атты мақаласында: «Әуелі кітапты қолыңа алғанда көзің түсер мұқабасынан да біраз сырға қануға болатын сыңайлы. Атының өзінен айтарын ұғындырған кітаптың бір тысынан кербез Көкше көзіңе ұрса, енді бір бетіндегі бетпақ дала беймәлім бағыттарға жетелейді [3]», – деп пікір білдіреді.

Бұл кітап жалаң баяндаумен жазылған жол естелігі емес, қайта әдеби тілмен жазылған архивтік дерек, ғылыми еңбек. Қоғамдық әлеуметтік мәселелері, Алаштың ардақты ұлдары, ел тарихы жайында қалам тербеткен ғалымның Кама, Волга, Дон су жолдарымен жасаған, шетелдердегі ресми, ресми емес саяхаттарының жолжазбалары ұлттың мүддені алға қоятын ғалымды тағы бір қырынан танытады. Жолжазбалар қаламгердің ішкі толғанысынан туған ғибратты әңгімелермен қатар, эмоция, таңданыс күйлері де шебер беріледі. Саяхат естеліктеріндегі ой мен сөз еркіндігінен автор қаламының әр сапарда еркін сермелгені байқалады. Алайда кей сапарлары қағаз бетіне түспеген, қаламгердің қаламы жүрмеген. Мәселен, Тұрсынбек Кәкішұлының сыр–сұхбаты оның Қытай мен Мекке–Мәдинеге барғандығын айқындайды. Ол сапар туралы Т.Кәкішұлы: «неге екенін білмеймін, Қытай мен Мекке–Мәдинеге және еліміздің біраз обылыстарына барған сапарларым жазылмады, қаламым жүрмеді [3]», – деп айтқан еді. «Жаяусалдың серуендері» кітабындағы «Оралман мәселесіне оралғаны онды болды» [4] деген мақаласы да Қытайға сапар шеккенін дәлелдейді. Т.Кәкішұлының бұл мақаласында көші–қон, оралмандар мәселесі көтеріледі. Мақаланы жазуына ғалымның алыс–жақын шетелдерге жиі барып, ондағы қандастарымыздың жәй–күйін көріп–білуі себеп болды. Сонымен қатар, ғалым Қытайдағы қазақтардың әдебиеті мен мәдениетін зерттеуді де назардан тыс қалдырмайды.

Тұрсынбек Кәкішұлының өмірлік мақсатына әрі құмарына айналған сүйікті ісі – жер аралау, ел көру, саяхат құру. Әдетте жазушылар шығармаларына көркемдік енгізу үшін оны сезініп көреді. Олардың ел аралау мақсаты да сол – әсем табиғатқа тамсана жүріп, табиғатты көркем тілмейбе–дерлеп, шығармаға пейзаж енгізу. Жазушы Сәбит Мұқанов «Жылына бір рет қазақ даласын араламасам, жоспарлы ісімнің бір саласы орындалмайқалғандай тынысым тарылып, қанатымды жаза алмай жүремін, жолда тынығамын» деп айтқан болатын. Өзінің жазып жүрген шығармаларына жаңа эпизод, жаңа пейзаж, қызықты кездесулер керек болғандықтан жазушылар сапарға шығатын болған. Ал Тұрсынбек Кәкішұлында мұндай мақсаттың бірі де жоқ. «Жүргенге жөргем ілігеді» дегендей, кейде көзбен көріп, көңілмен шолған уақытта ғана шабыттанып кетіп, қолына қалам алған. Кейін жазған естеліктері жолжазбаларына, сапар сазына айналған.

Тұрсынбек Кәкішұлының алғашқы сапарнамаларының жиынтығы болған – «Ұштасқан үш өзенмен» кітабы 1978 жылы 4000 данамен баспадан шыққан. Кітапшда Т.Кәкішевтің Кама, Волга, Дон өзендерімен жасаған саяхаты арқау болған. Туған еліміздің интернационалдық достық аясында өркен жайып, көркейген келбетін суреттей отырып, автор осы су жолы бойындағы қалалар тарихынан қысқаша деректер береді. «Алғашқы аялдамалар», «Мың рет естігенше, бір рет көзбен көр», «Әр үйдің бір кесегі бар», «Саратовты аралағанда» тарауларында Т.Кәкішұлы алып шаһардағы ерекше ғимараттарды, мәдениет үйлері мен кітапханаларды аралап, ғажайыбын көзбен кріп, қағаз бетіне түсірген. Тұрсынбек Кәкішұлы бұл сапарнамасының соңында: «Ұштасқан үш өзен бойынан алған әсерлерім көкейдегі көп ойдың қуанышы сияқты. Шалқып келем, шаттанып келем. Ұлы Октябрь социа–листік революциясының 60 жылдығы қарсаңындағы бұл сапарымда туған елімнің интернационалдық жостық аясында өркен жайып, көркейген келбетіне көз қызығып, көңіл сүйінді. Қойын дәптерім мен көк сиялы қаламымды стол үстіне қойып, туған өлкені араласам деген саяхатымның бір тармағын осылай тәмамдап, вагон терезесінен сыртқа көз саламын. Түнгі оттары жарқылдап шағын станциялар мен разъездер жол бойында қалып жатыр. Күшейе түскен доңғалақтар дүрсілі «жол ұзақ! жол ұзақ!» – деп алып ұшқан көңілді алысқа бастап барады» – деп жазады. Сол кезеңде басқа жұрт барып көрмеген қаласымен осы жолжазбалардағы сипаттамаларын оқу арқылы танысады. Мәселен, осы сапарна–мадағы Орал қаласы автордың жазуымен былай сурттеледі: «Өзінің саяси–экономикалық, мәдени–әкімшілік, географиялық орналасуы жағынан келгенде Свердловск қаласы Оралдың орталығы ғой. Оның үстіне бұл қаланың еңбеккерлері шығарған бұйымдар Орал тауының даңқына лайықты. Сондықтан да болар мұндағы көп оқу орындары мен мекемелер, кәсіпорындар, әсіресе студенттерінің көптігі жағынан Москва университетінен кейінгі политехника институтына, мемлекеттік университетке «Орал» есімі берілген. Ал өнеркәсіп орындарының ішінен М.Горький «заводтардың әкесі» деп атаған Уралмышты еске алсақ та жеткілікті. Бүкіл елімізде темір рудасының 75 проценті, мұнай және газ скважиналарының 80 проценті, агломерация фабрикаларының 90 проценті, домна пештерінің 70 проценті Свердловскіде жасалған машиналармен өндіріліп, аспаптармен жабдықталған. Қалада екі жүзге тарта ірілі–уақты өндіріс орындары, 145 мектеп, 540 балабақша, 4 театр, 74 кинотеатр, 43 клуб пен мәдениет сарайы, СССР Ғылым академиясының 10 мекемесі, 118 ғылыми–зерттеу және жобалау конструкторлық институт, 14 жоғары оқу орны жылына 10 мың жас маман даярлап шығаратынын айтсақ, бұл өлкенің мәдени–

экономикалық салмағы айқындала түседі» [5; с. 7–8]. Бұл деректер тарихтан сырт шертiп, өз кезеңіндегі Оралдың өркениетiнiң дамуын көрсетедi.

1974 жылы Свердловқа ұшып барып, Кама өзенi бойындағы Пермь – Чайковский – Сарапул – Набережные – Челны – Чистополь Волга бойымен – Ульяновск – Тольтти – Куйбышев – Сызрань – Балаково – Саратов – Камышин – Волгоград – Волга–Дон каналы арқылы Калач на Дону – Цымлянск – Волгодонск Ростов–на–Дону Тихорецк – Кисловод Алматыға келгенде «Ота, нымыздың орталық көшесiмен» деген сапарнама жазып, «Жұлдыз» журналында жарияланған. 1976 жылы СССР–дiң шығыс өлкелерiнде және Қарағанды – Алматы маршрутымен 40 саяхатта болған. «Жол үстiнде 80 күн» сапарнамасын 1983 жылы шығарған. 1977 жылы саяхат қызығына батқан пенде кавказ сапарына шыққан. Алматы – Баку – Степанакерт – Евлах Кировабад (Еанжави) – Казах – Тблиси – Гори – Цихинвали Батуми Поти Зүгдуди – Сухуми – Минводы – Дербент – Махачкала Грозный – Шали – Орджинкидзе(Владикавказ) – Нальчик Пятигорск – Черкасск Карачаевск – Теберда Домбай Кисловодск – Алматы маршрутымен Кап тауының екi бетiндегi iрi, тарихи қалаларда болған. 1978 жылы Қырым саяхатын бастаған. Алматы – Краснодар Новороссийск – Анапа Керчь – Феодосия – Старый – Қрым –Планерское(Коктебель) – Белогорск – Саки – Евпатория Симферополь – Алушта – Ялта – Севастополь – Бакчасарай Алматы маршрутымен «Қырымның алтын алқалары» атты сапарнама жазған. Кавказ – Қырым саясаты «Жасампаз елке» деген атпен 1989 жылы жарық көрген.

1980 жылы Орта Азия республикаларының Ташкент – Самарқан – Душанбе – Ашхабад – Бахарден – Бухара – Нуқус Қоңырат Көне Үргенiш – Ташауыз – Хива – Үргенiш Наманган – Фергана – Андижан – Ош – Жалил – абадТашқумар – Талас – Фрунзе (Бишкек) қалаларына үздiк–создық сапар шеккен. Жолжазбалар үздiк–үздiк күйiнде бастары құралмай жатқан көрiнедi. 1981 жылы Едiл бойындағы автономиялық республикаларға арнайы сапар шеккен. Уфа Чимшы Ижевск – Агрыз – Елабуга – Казань – Иошкар – Ола – Чебоксары–Алатырь – Саринск – Муром – Касимов – Гусь – Хрустальный – Владимир – Суздаль – Москва Дорохова өнер үйi, Малеевка – Рузы – Бородино – Можайск – Балакамск – Наро – Фоминск – Подольск – Чехов – Серпухов Пущено–Москав Алматы маршрутымен саяхат құрып, дем алған [6; с. 13–15].

Т.Кәкiшұлының саяхатшылдығының да ғибратты жағы бар. Ол қай елде, қай қалада болмасын қазақ халқына, оның қайраткерлерiне қатысты деректердi iздестiретiндiгi «Ұштасқан үш өзенмен» (1978), «Жол үстiнде 80 күн» (1983), «Жасампаз өлке» (1989), кiтаптарынан көрiнсе, Польша, Қытай, Иран, Түркия, Монғолия, Франция сапарлары қазақ диаспорасының жай–күйiмен байланысып жатады, «Жүргенге жәрдем iлiнетiнi» Т.Кәкiшев сапарлары анықтай түседi.

Жолжазба, ол – әдеби жанр. «Сапарнама, жолжазбалар – өмiр тарихтың ,шығармашылық өмiрбаянның бiр үзiк сыры ғана емес, сонымен бiрге шығармашыл тұлғаның бiтiм–болмысын, сөз саптасын, өресiн көрсететiн, өнерi мен өмiрi арасындағы күрделi қарым–қатынастан хабар беретiн, ойға ой қосатын дәйек пен айғақ...олар жазушы өмiрiнiң бел–белестерiн қызықты деректермен құндылай түседi, әрi оның әдеби–қоғамдық көзқарастарынан да құнды сыр шертедi. Күнделiктi жазбалар өмiрде болған оқиғаларға iлесе жазылғандықтан, оларда уақыт ауыстыру, оқиға тiзбегiн бұзу көп кездеспейдi», – деп белгiлi әдебиеттанушы ғалым Т.Есембеков айтқандай, бұл жанрдың өзгелерге ұқсамайтын өрнегi мен өлшемi бар. Зерттеушi сапарнама, жолжазбаның үш жанрлық ерекшелiктерiн атап көрсетедi. Бiрiншi – автордың творчестволық iзденiстерiнiң тарихын нақтылайды. Екiншi – құнды деректер бередi. Үшiншi – суреткердiң iшкi шығармашылық лабораториясының кейбiр сәттерiн ашып көрсетедi. Т.Кәкiшұлы жол жүргенде де, кез–келген келелi мәжiлiс, конференцияларда, салтанатты жиналыстарда, әдеби кездесулерде , әйтеуiр көзiне түскен тосын сурет, әдеми көрiнiс болсын, көкейiне қонған жаңа бiр сөз болсын, өзi естiмеген тың тiркес, теңеу, мақал–мәтел болсын, сол кездесулерде көңiлiн аударған келiстi, ажарлы кескiн–келбет болсын, ғимараттардың iшi–сыртын бейнелейтiн суреттеулердi болсын, жолдағы қызық оқиғаларды болсын, бәрiн–бәрiн қағазға түсiрiп отырған. Негiзi, кәсiби шығармашылық сапарлары мен жолжазбаларыкөбiнде жол жүргенде, яғни шет елдерге, өзге мемлекеттердi аралағанда бейтаныс ел, жер, тiл, көрiнiс, тарих, табиғат, секiлдi танымдық дүниелердi түсiрiп отырған.

Бүгiнде әлемдi шарлау екiнiң бiрiнiң қолынан келсе де, сапарнама жазу көптi қызықтырмасы анық. Себебi ғаламторы қолжетiмдi ғасырда адамзаттытаңғалдыру қиын. Алайда көзбен көрген деректердi көркем түрде қағаз бетiне түсiру ешқашан маңыздылығын жоғалтпайды. Тұрсынбек Кәкiшұлының сапарнамалары тарихи деректемелерiмен, ғылыми құндылығымен эпистолярлық жанрдың бiр бөлiгiн құрайды. Жолжазбалар қай дәуiрде де өзiнiң құндылығын жойған емес, тек заман ағымына сәйкес өзгерiп отырады. Қазiргi заманның саяхатшы–блогерi, 51 елдi аралаған жаһангер Өркен Кенжебектiң саяхат барысындағы жазбалары, көргенi мен түйгенi осыған дәлел бола алады.

Әдебиеттер тiзiмi:

1. «Тұрсынбек Кәкiшұлы және қазақ әдебиетiнiң тарихы мен сынын зерттеудiң келелi мәселелерi» атты халықаралық ғылыми–тәжiрибелiк конференция материалдары. Алматы, 10 қараша 2022 жыл / Жауапты шығарушылар А.Б.Темiрболат, К.С.Ахмет, Ш.А.Шортанбай, Н.Қ.Мәтбек. Алматы: Қазақ университетi, 2022. 224 б.
2. Кәкiшев Т. Жол үстiнде 80 күн (Сапарнама) Алматы: Жалын, 1983.– 264 б.
3. Тынысбекұлы Т. Сапарлар шерткен салқар сыр // Әдебиет порталы 2020. 15 тамыз.

4. Кәкішев Т. Жаяусалдың серуендері Алматы: «Глобус» Баспа үйі, 2009. 560 б.
5. Кәкішев Т. Ұштасқан үш өзенмен (Жолжазба) Алматы: Жалын, 1978. 80 б.
6. Кәкішев Т. Библиографиялық көрсеткіш / Құрастырушылар: Ж.Б. Мұқалдиева, К.Ахметова, К.К. Аbugалиева. Алматы: Қазақ университеті, 2002. 179 б.

УДК 373.24

ИНТЕРАКТИВНАЯ ИГРА КАК ФОРМА ОРГАНИЗАЦИИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Агеева Анастасия Анатольевна
магистр педагогического образования, старший преподаватель
Кеулимжаева Аружан Дулатовна
студентка 4 курса
ОП «6В01201 – Дошкольное обучение и воспитание»
КРУ им. А. Байтұрсынова,
г. Костанай, Казахстан
E-mail: nga3003@mail.ru

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы организации деятельности детей дошкольного возраста в форме интерактивной игры с целью реализации задач обновлённых Государственного общеобразовательного стандарта дошкольного воспитания и обучения и Типовой учебной программы дошкольного воспитания и обучения. Уточняется определение понятия «интерактивная игра» и описываются её виды. Статья предназначена для воспитателей и методистов дошкольных организаций, педагогов дополнительного образования, родителей дошкольников, а также всех заинтересованных лиц.

Ключевые слова: *интерактив, игра, дошкольная организация, цифровизация, обновление.*

Аңдатпа

Бұл мақалада мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатында интерактивті ойын түрінде мектеп жасына дейінгі балалардың қызметін ұйымдастыру мәселелері қарастырылады. «Интерактивті ойын» ұғымының анықтамасы нақтыланады және оның түрлері сипатталады. Мақала мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері мен әдіскерлеріне, қосымша білім беру мұғалімдеріне, мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына, сондай-ақ барлық мүдделі тұлғаларға арналған.

Түйінді сөздер: *интерактивті, ойын, мектепке дейінгі ұйым, цифрландыру, жаңарту.*

Abstract

This article discusses the issues of organizing the activities of preschool children in the form of an interactive game in order to implement the tasks of the updated State Mandatory Standard of Preschool Education and Training and the Standard Curriculum of preschool education and Training. The definition of the concept of "interactive game" is clarified and its types are described. The article is intended for educators and methodologists of preschool organizations, teachers of additional education, parents of preschoolers, as well as all interested persons.

Key words: *interactive, game, preschool organization, digitalization, updating.*

Президент Республики Казахстан, Касым-Жомарт Токаев всоём послании народу Казахстана от 1 сентября 2022 года «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество» затронул вопрос состояния системы образования, так как именно она играет решающую роль в повышении потенциала нации. Глава государства отметил: «У нашего народа есть пословица: «Ел боламын десең, бесігінді түзе» («Будущее страны формируется в колыбели младенца»). Поэтому сфера дошкольного воспитания должна быть приоритетной» [1].

Реформирование системы дошкольного образования в стране назревало с момента утверждения модели развития дошкольного воспитания и обучения (Постановление Правительства Республики Казахстан от 15 марта 2021 года №137), и в августе 2022 года был обновлён Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения. Вслед за стандартом также была обновлена Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения.

Перед воспитателями дошкольных организаций ставится глобальная задача – смоделировать индивидуальный путь развития дошкольника через использование всех видов деятельности, предусмотренных обновлённым Государственным общеобязательным стандартом дошкольного воспитания и обучения, а именно: организованной, игровой, познавательной, коммуникативной, творческой, экспериментальной, трудовой, предметной, двигательной и изобразительной деятельностью [2].